

## **Жерді пайдалану жер қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 19 ақпандағы N 235. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 990 қаулысымен.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:<\*>

**Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

1. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7            ж ы л ғ ы            1 9            а қ п а н д а ғ ы

N    2 3 5            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Жерді пайдалануға және қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында жер заңдарының сақталуына, жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды (бұдан әрі - жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау) жүзеге асыру тәртібін реттейді.

2. Мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Конституциясына, заң актілеріне және осы Ережеге сәйкес мемлекеттік органдардың заңды, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың жер заңдарын, жерді тиімді пайдалану мен қорғау жөніндегі шараларды тиісті түрде орындауын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады .

3. Жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жергілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау

жөніндегі уәкілетті органдар мен басқа да өкілетті органдар өз құзыреті шеңберінде жүзеге асырады.<\*>

**Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

4. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы басқа өкілетті органдар мыналар болып табылады :

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі;<\*>

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі;<\*>

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті.<\*>

Бұл органдар өз қызметін жергілікті атқарушы органдармен және өзара іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

5. Осы Ереженің күші оларды ұстауға кеткен шығындарды жергілікті бюджет есебінен қаржыландырып жергілікті атқарушы органдар құрған жер инспекцияларына да қолданылады.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жер инспекциясына әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.<\*>

**Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

6. Өз құзыреті шеңберінде жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы органдардың нұсқамаларын орындау жер учаскелерінің барша меншік иелері мен жерді пайдаланушыларға міндетті болып табылады .

7. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының жерін пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор, ал оның орынбасарлары мен мемлекеттік жер инспекциясының бастығы Қазақстан Республикасының жерін пайдалану мен қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады . < \* >

Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың басшылары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлары, ал олардың орынбасарлары - тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың орынбасарлары болып табылады.<\*>

Қазақстан Республикасының жерін пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы мен оның орынбасарлары мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен қорғауға дербес жауапкершілікте, ал тиісті әкімшілік-аумақтық құрылымдардың (облыстардың, қалалардың, аудандардың)

жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары мен олардың орынбасарлары осы құрылымдардың шекараларының шектерінде жауапкершілікте болады.

Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдардың басшыларын - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларын қызметке Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы - Қазақстан Республикасының жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы тағайындайды. < \* >

**Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен**

8. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, сондай-ақ оның мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жүктелген аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары мен мамандары жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар болып табылады. < \* >

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен**

## **II. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы органдардың функциялары**

9. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары жөніндегі комитетінің органдары: < \* >

өз құзыретіне сәйкес жер пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

жердің сапалы жай-күйінің өзгеруін тексереді және сараптама жасауды ұйымдастырады;

жердің нысаналы пайдаланылуының сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады;

жер заңдарының бұзылуын жоюға шаралар қолданады;  
жерді пайдалану мен қорғауға қатысты нормативтік актілерді әзірлеуге қатысады;

бұдан әрі пайдалануы адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін төтенше жағдайларға, апаттарға, тарихи - мәдени мұралар мен табиғат ландшафтарының бұзылуына, ауыл шаруашылығы өнімдері мен су көздерінің ластануына алып

келетін тозған және ластанған жерлерді белгіленген тәртіпте консервациялау туралы ұсыныстар енгізеді;

қала құрылысы және жерге орналастыру құжаттарының келісуіне, суландырылған, қайта қалпына келтіру жүргізілген және олардың сапалық жай-күйін жақсарту бойынша шаралар жүргізілген басқа жерлерді, сондай-ақ жерді қорғау мақсатында салынған объектілерді қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.

**Ескерту. 9-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен**

10. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган және оның аумақтық органдары: < \* >

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер заңдарының, жер учаскелерінің белгіленген режимін олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануын сақтауға;

өз бетінше жер учаскелерін алуды болдырмауға;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жерді пайдаланушылардың жердің құнарлылығын қалпына келтіру мен сақтау жөніндегі ұйымдастырушылық-шаруашылық, агротехникалық, орман-мелиоративтік және гидротехникалық эрозияға қарсы шаралар кешенін уақтылы және дұрыс жүргізуге;

табиғат ресурстарының жай-күйіне, қорғауға және ұтымды пайдалануға кері ықпал ететін объектілерді орналастыру, құру және пайдалануға беру кезінде табиғат қорғау және жер заңдарының талаптарын орындауға;

жерді су және жел эрозиясынан, су басудан, батпақтанудан, қайта тұздалудан, құрғақтанудан, тығыздалудан, ластанудан және өндіріс қалдықтарымен, химиялық заттармен қоқыстанудан, бұзылудың басқа процестарын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

бұзылған жерлерді қайта өңдеп, олардың құнарлылығын және жердің басқа да пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруге;

жердің бұзылуына байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың құнарлы қабатын алуға, сақтауға және пайдалануға;

жердің жағдайы және пайдалану туралы жер заңдарымен белгіленген мәліметтерді жер учаскелерін иеленушілер мен жерді пайдаланушылардың мемлекеттік органдарға уақытында беруге;

меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын сақтауға; жердің жай-күйіне кері әсер ететін объектілердің жер учаскелерін таңдауға және қала құрылысын салу үлгісін игеруге;

жерге орналастыру жобаларын және жерді пайдалану мен топырақты қорғау жөніндегі басқа да жобаларды жүзеге асыруға;

занды тұлғалар мен азаматтардың жер қатынастары және жерге орналастыру мәселелері жөніндегі арыздарын (өтініштерін) белгіленген қарау мерзімін сақтауға;

шекаралық (межелік) белгілердің қойылуы мен сақталуына; жергілікті атқарушы органдардың уақытша пайдалануға берген жер учаскелерін өз уақытында қайтарылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Топырақтың құнарлы қабатының шығыны қайтарылмайтын және жердің сапалық жай-күйі төмендеген жағдайларда жер ресурстарына келтірілген зиянды анықтайды.

**Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен.**

11. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі және оның органдары: <\*>

жерді өндіріс қалдықтарымен, химиялық және радиоактивті заттармен ластанудан қорғау;

химияландыру құралдарын, биологиялық заттарды қолдану, сақтау, тасымалдау, залалсыздандыру және көму жөніндегі белгіленген нормалар мен ережелерді сақтау;

қорықтардың, заказниктердің басқа да қорғалатын аумақтардың және сирек ландшафтардың табиғат қорғау режимін сақтау;

жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар өндірістің табиғат қорғау технологиясын қолдануына, қоршаған табиғи ортаға залал келтірілуіне және өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде экологиялық жағдайдың төмендеуіне жол бермеу;

жаңа және қайта жаңартылған үйлерді, құрылыстарды, ғимараттарды және басқа объектілерді орналастыру, жобалау және пайдалануға беру барысында, жердің жай-күйіне кері әсер етуші жаңа техникалар мен технологияларды енгізу барысында экологиялық талаптарды сақтауды қамтамасыз ету;

жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен сақтау жөніндегі ұйымдастырушылық-шаруашылық, агротехникалық, орман-мелиоративтік және гидротехникалық эрозияға қарсы шаралар кешенін өз уақытында және дұрыс жүргізу;

топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға, қорғау мен пайдалану;

пайдалы қазбалардың өндірістік қорларының өндірілуіне және басқа жұмыстарға орай босатылған жерлерді халық шаруашылығында одан әрі пайдалану үшін оларды жарамды қалпына келтіру (бұзылған жерлерді қайта өңдеу) бөлігінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Жердің құнарлы қабатының қайтарылмайтын шығыны және сапалы жай-күйі төмендеген жағдайларда жер ресурстарына келтірілген залалдарды анықтайды.

**Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

12. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметі:<\*>

жер учаскелерін пайдалану, қорғалатын, санитарлық - қорғаныш, сауықтыру және рекреациялық аймақтарды белгілеу барысында радиоактивтік улы материалдарды және өндіріс қалдықтарын пайдалану, қайта өңдеу және көму жөніндегі кәсіпорындарды, объектілерді жобалау мен пайдалануға санитарлық заңдарды сақтауға ;

паразиттік және жұқпалы аурулардың қоздырушыларымен жердің ластануының алдын алуға ;

жаңа және қайта жаңартылатын үйлерді, құрылыстарды, ғимараттар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау мен пайдалануға беру, сондай-ақ жердің жай-күйіне ықпал ететін жаңа техника мен технологияларды енгізу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауды қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылау жасайды .

**Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

13. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі және оның органдары : < \* >

сәулет қала құрылысы қызметінің және сәулет қала құрылысы құжаттарының аясында заң актілерінің, мемлекеттік нормативтерінің белгіленген талаптарымен жерлерді пайдалану тәртібін сақтауға ;

өздігінше объектілер мен кешендерді құруды, қайта құруды, жаңғыртуды, жетілдіруді, күрделі жөндеуді және абаттандыруды болдырмауға ;

сәулет - қала құрылысы құжаттарымен белгіленген жер учаскесінің, елді мекендердің аумақтары мен олардың жүйелерін ұстау (пайдалану) жөніндегі талаптарды қамтамасыз етуге ;

тарихи, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау жөніндегі заңдарды сақтауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

14. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ауыл шаруашылық жерін карантиндік зиянкестер мен өсімдік ауруын жұқтырудан, арамшөп, бұта және шіліктің басып кетуінен қорғауға бағытталған шараларды жүзеге асыруға ;

орман қоры жерін олардың мақсатты арналуына сәйкес пайдалануына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

**Ескерту. ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысын қараңыз .**

15. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті:<\*>

кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, меншік нысанынан карамастан, су қорғаныш аймақтары мен алқаптарында су қорғау шараларын, сондай-ақ судың зиянды ықпал етуімен күресу жөніндегі шаралардың (су тасқынымен, су басумен, су деңгейінің көтерілуімен, жағалаулардың бұзылуымен және басқа да құбылыстармен) орындалуына;

Қазақстан Республикасының су қорына кіретін су қорғаныш аймақтар мен алқаптарының жерлерін тиімді пайдалануға;

су қорғаныш аймақтары мен алқаптарының аумақтарын пайдалану, сондай-ақ су жинағыштарда су қорғау режимін сақтауға;

су объектілері мен олардың су қорғаныш аймақтарының жай-күйіне ықпал ететін өздігінше гидротехникалық жұмыстарды, кәсіпорындар, ғимараттар мен басқа да объектілерді құруға жол бермеуге мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады .

**Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

### **III. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы органдардың лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері**

16. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген жергілікті атқарушы органдардың, жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі атқарушы органдардың және басқа да уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары өз құзыретінің шегінде:<\*>

а) кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселелерді шешу үшін жер заңдарының бұзылуы туралы материалдарды тиісті органдарға жіберуге;

ә) жер заңдарының бұзылуы туралы хаттамалар (актілер) жасауға және кінәлі адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін тиісті лауазымды адамдардың қарауына беруге ;

б) қызметтік куәлігін көрсетіп кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға кедергісіз кіруге, жеке меншік пайдаланымдағы және жалға алынған жер учаскелерін тексеруге, ал әскери, қорғаныс және басқа арнаулы объектілер алып жатқан жер учаскелерін оларға кірудің белгіленген режимін есепке алып тексеруге ;

в) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерді қорғау, жер заңдарының бұзылуын жою жөніндегі міндетті орындауға тиісті нұсқаулар беруге ;

г) жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы олардың меншіктену

құқығынан немесе жер пайдаланудан (сапарға кету, басқа жаққа кету, учаскенің ұзақ пайдаланылмауы немесе басқалар) бас тартуын белгілі бір куәландыратын іс-әрекет жасаған кезінде осы учаскені иесіз мүлік ретінде қабылдауға;

жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы жер учаскесін арнаулы бойынша пайдалану жөніндегі қажетті шаралар қолданбаған немесе жер учаскесін пайдаланғанда жер заңдарының бұзылуын жоймаған, сондай-ақ жер учаскесі негізгі мүлік ретінде есепке алынғанына үш жыл мерзім ішінде, заңдарда белгіленген мерзімдер аяқталғанда;

иесіз мүлік ретінде есепке алынған жер учаскесін мемлекеттік меншікке қ а й т а р у т у р а л ы ;

арналуы бойынша пайдаланылмаған немесе заңдарды бұзып пайдаланылған жер учаскелерін жер пайдаланушылардан алып қою туралы материалдар д а й ы н д а й д ы ;

д) жер алқаптарын зерттеуді, сараптауды, жерді қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын тексеру үшін белгіленген тәртіпте мамандарды тартуға;

е) азаматтық және басқа құрылыстарды, пайдалы қазба кен орындарын әзірлеуді, объектілерді пайдалануды, гидротехникалық, орман-мелиоративтік, геологиялық барлау, іздестіру, геодезиялық және басқа да жұмыстарды, егер олар жер заңдарын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жерінің белгіленген пайдалану режимі бұзылып жүзеге асырылса және топырақтың құнарлы қабатының жойылуына, ластануына, залалдануына немесе бұзылуына, эрозияның дамуына, тұздануға, батпақтануға және басқа да топырақ құнарлылығын төмендететін, шектес аумақтарды қоса, басқа процестерге әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сондай-ақ бұл жұмыстар экологиялық сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды қабылдаған жобалар бойынша жүргізілсе, тоқтату туралы тиісті атқарушы органдарға ұсыныс енгізуге құқығы бар.

**Ескерту. 16-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**

## **IV. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі**

17. Мемлекеттік бақылау жерді пайдалануға, мемлекеттік жер кадастры мен мониторингін жүргізуге байланысты жерлерді түгендеу, зерттеу жүргізілген кезде, сондай-ақ жер заңдарын сақтауға бақылау жасау тәртібінде жүргізіледі.

Жерді түгендеу атқарушы органдардың бастамашылығы бойынша жүргізіледі .

18. Жер алқаптарын нақты түрде зерттеу жер учаскелерінің меншік иелерінің, жер пайдаланушылардың қатысуымен, сондай-ақ олар бас тартқан жағдайда оларсыз, зерттеу қорытындылары бойынша жасалған құжаттарда тиісті белгі



қ о й ы л ы п ,

ж ү р г і з і л е д і .

Жерлерді зерттеу, жерлерді пайдалануға байланысты сызбалар мен жобаларды дайындау барысында айқындалған жер заңдарының бұзылуы осы жұмыстарды жүргізген мамандар қол қоятын алқаптық зерттеу сызбасын қоса актімен ресімделеді және атқарушы органға оның құзыретіне сәйкес қарау үшін т а б ы с т а л а д ы .

19. Анықталған жер заңдарының бұзылуын уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік-құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген тәртіпте өздерінің функцияларына сәйкес қарайды.

20. Мемлекеттік инспекторлар мен лауазымды адамдардың әкімшілік жаза қолдану туралы шешімі белгіленген тәртіпте сотқа шағымдалуы мүмкін.

21. Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар жер заңдарының бұзылуларының нақты түрде жойылу, сондай-ақ жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырушы лауазымды тұлғалардың нұсқауларымен ресми өкімдерін орындауын қадағалайды.

22. Жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, басқа өкілдік органдар жерді пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асыру туралы мемлекеттік есеп, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық статистика агенттігінің бекіткен нысандары бойынша жер заңдарының сақталуын тексеріп, кітабын жүргізеді.<\*>

**Ескерту. 22-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1009 қаулысымен .**